

**Каражанова Жанат Кокеновнаның бD030100 «Құқықтану»
мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін
дайындалған «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және
криминологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған
диссертациясына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ

1. Ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Жыл сайынғы Президент жолдауларында сыбайлас жемқорлық мәселесі басты мәселе ретінде қалып отыр. 2019 жылдың 2 қыркүйегінде Президентіміздің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне аса көңіл бөлінді, нормативтік құқықтық актілердің жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу және мекеме басшысының қызмектерлері үшін жауаптылығы, нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органының қызметкерлерінің жауаптылығы бойынша реформалау бағыттары берілген болатын.

Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда орын алған. Стратегияның 4.3 тармағында «халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қауіпін оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады, - деп көрсетілген. Стратегияда квазимемлекеттік және жекеше секторда есеп беру, шешімдер қабылдау процедураларының ашықтығы мен бақылауда болуын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерін енгізу қажеттілігі, сондай-ақ осындай жағдай жасау үшін жекеше секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар басқа шараларды қабылдау, оларды іске асыру кәсіпкерлер үшін инвестициялық климат пен тәуекелдердің нашарлауына әкеп соқтырмайтын жағдайларды енгізу қажеттілігі баса айтылған».

Демек, диссертация тақырыбы «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағытына сай келеді, әсіресе «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) басымды бағытына сай. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаларға: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға сай келеді.

2. Таңдалған тақырыптың өзектілігі.

Жанат Кокеновна Каражанова ұсынған диссертациялық зерттеу бүгінгі күні өзекті тақырыптардың бірі болып келеді, себебі ол ғылыми-теориялық ізденістер мен құқық шығармашылық қызмет пен құқық қолдану практикасын қамтиды.

Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың кең етек алуы елдің тұрақты дамуына, әр саланың: ғылымның, білімнің, зияткерліктің, озық технологиялардың ары қарай дамуын тоқтатып, тоқырауға әкеледі. Квазимемлекеттік салаға мемлекет көптеген қаражаттарды салады, оның барлығы белгілі мақсаттарға бөлінеді, бірақ табыс емес, көбінесе қаражаттарды жай қолданумен ғана шектеледі. Жыл сайынғы Есеп комитетінің есептерінде кірістен шығыс көп екені айтылып отыр. Бір жағынан квазимемлекеттік сектор ел экономикасының дамуына үлес қосу үшін құрылса, екінші жағынан заң бұзып нақты нәтижелерге қол жеткізбеу орын алуда. Бұл үшін нақты қылмыстық жауаптылық пен кінәлілерді анықтау іс-шаралары орын алғанда ғана квазимемлекеттік секторды көзделген мақсаттарға жеткізу мүмкін болады. Жекеше секторда кәсіпкерлерге толық мүмкіндіктер жасалған, бірақ қызметін адал емес, жасырын түрде жүргізу, компания ішінде атқарған қызметі бойынша емес, басқа жолдармен өсу бағытында, сондай-ақ корпоративтік ережелерді сақтамай сыбайлас жемқорлық құбылыстарына жол беру бар.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары 2016 жылы - 448, 2017 жылы - 471, 2018 жылы - 455, 2019 жылы – 427 санын құраған. Бұл осы секторлардағы тіркелген қылмыстық бұзушылықтар ғана, нақты хабарланған фактілердің саны одан да көп болуы мүмкін, адамдар бұл әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық болмайды немесе бұл жағдай өзінің көп уақытын алады деп хабарламайды, сондықтан олар латентті сипатта қала береді. Сонымен бірге, сотқа дейін жеткен істердің саны да аз, мәселен, 2019 жылы жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша – 2245 іс тіркелсе, тергеумен аяқталғандар – 1830 іс, ал сотқа дейін 1653 іс ғана жеткен.

Сондықтан, статистикалық мәліметтер объективтік ақиқатқа сай келмейді деп толығымен пайымдай алмаймыз, сондай-ақ оның мөлшерін анықтау қиындыққа соғады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісін жай ғана теңей салу қылмыстық құқық ғылымында мәселені шеше қоймайды, бұл бағытта ойластырылған кешенді ғылыми зерттеу қажет. Демек, осы жағдайлардың барлығы диссертациялық зерттеудің өзектілігін анықтайды.

3. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдық қағидасына сай болуы.

Жанат Кокеновна Каражанованың диссертациясы 2014 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің және оны қолдану практикасының тиімділігі негізінде жазылған, квазимемлекеттік және жекеше

секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектісін зерттеуге арналған алғашқы кешенді зерттеу болып табылғандығы оның жаңашыл екенін көрсетті.

Диссертант квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбын диссертация көлемінде де, ғылыми жарияланымдарында да жаңашыл екенін көрсете білді. Әсіресе, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің хабаршысында (Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №3 (118). – Астана: ЕҰУ, 2017 ж.) квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығын алдын алудың өзекті мәселелері мақаласында алдын алудың нақты ұсыныстарын бере алды, Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысында (№1 (55). – Астана, 2019 ж.) квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымына жаңадан анықтама берілді.

Диссертациялық зерттеуде Ж.К. Каражанова қылмыстық заңама мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдірумен қатар, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нақты шараларын бере алды.

Диссертациялық зерттеу жаңа ғылыми нәтижелерді, тұжырымдар мен ұсыныстарды қамтиды:

Бірінші нәтиже жаңа болып келеді, себебі автор квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымына авторлық анықтама беріп отыр. Автор анықтама беруде қолданған әдістеме мен алынған нәтиже осы мәселені зерттеудегі басқа зерттеулерден ажыратылады.

Екінші нәтиже қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылық тектік объектісін мүдде ұғымы арқылы ашу барысында Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің екі тарауын біріктіруді автор ұсынып отыр. Осындай қылмыстық заңнаманы жетілдіру конструкциясы бұрын сонды ұсынылған пікірлерден ерекше ажыратылады, сондықтан жаңа болып табылады.

Үшінші нәтиже жаңа болып келеді, себебі автор парақорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар затын «мүліктік емес қызметтер, құқықтар, артықшылықтар» арқылы кеңейтуді ұсынған. Мұндай нәтижеге жету халықаралық, отандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік базаның және сот-тергеу практикасын салыстырмалы-құқықтық талдау барысында мүмкін болған.

Төртінші нәтиже жаңа, өйткені автор сот-тергеу практикасын және қылмыстық істерді талдау нәтижесінде шенеуніктердің квазимемлекеттік және жекеше секторға өз беделінің арқасында туыстарын, балаларын жоғары лауазымдарға орналастыруды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-1 «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын енгізуді ұсынды.

Бесінші нәтиже жаңа болып саналады, автор квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар түсініктемелік аппаратында кемшіліктерді анықтап, оны шешу бойынша

ұсыныстарды берген. Түсініктемелік аппараттағы кемшіліктер квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының құрамдарын талдау және қылмыстық істерді зерттеу барысында анықталды.

Алтыншы нәтиже жаңа саналады, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының субъектісі ретінде заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту және жаза түрлерін қолдану мәселесін шешу жолдары берілген. Автор заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін шешу барысында халықаралық келісімдерді, отандық және шетелдік заңнаманы, әртүрлі теориялық ой-пікірлерді талдау барысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 19, 40, 41-бабының 2.1-бөлігін, 51-1 баптары бойынша заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту және жаза қолдану бойынша ұсыныстары берілген.

Жетінші нәтиже жаңа ол квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың бұрын сонды берілмеген шараларын қамтиды. Автор алыс және жақын шетелдердің заңнамасын талдау барысында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың жаңа шараларын бөліп алды.

4. Зерттеу жұмысының дәйектілік қағидасына сай болуы.

Диссертант квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымын және квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының құрамына, сондай-ақ квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының құқық қолдану практикасындағы мәселелеріне терең ғылыми талдау жасаған. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне қатысты автормен кең көлемде ғылыми еңбектер берілген.

Теориялық ғылыми еңбектерден басқа диссертант құқықтық актілердің кең қайнар көздерін берген: нормативтік құқықтық актілер, құқықтық актілер, сот және тергеу практикасының материалдары.

Автор жай ғана авторлар пікірлерін талдағанымен қатар, әртүрлі ғалымдармен берілген мәселелердің шешу жолдарын ұсынған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдағы кемшіліктерді анықтаған, оны толтыру жолдарын берген.

Диссертациялық зерттеуде берілген тұжырымдар, қорытындылар, ұсыныстар мен нәтижелер қазіргі қылмыстық құқық және криминология ғылымы үшін негізді, дәйекті және маңызды.

Нәтижелердің дәйектілігі мен негізділігі зерттеудің әдістемелік негізіне байланысты, нормативтік-құқықтық актілердің және құқық қолдану практикасының кешенімен дәлелденеді.

Диссертациялық зерттеу авторы 7 ғылыми тұжырымды қорғауға ұсынады, олардың әрбірі диссертацияда толық негізделген.

Бірінші нәтиже негізді және дәйекті, себебі отандық және шетелдік заңнама мен ғылыми әдебиеттерді терең талдау нәтижесінде берілген.

Автор Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының тиімділігін жоғарлату мақсатында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа анықтама берді.

Екінші нәтиже негізді, ол қылмыстық құқық ғылымында орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтың тектік объектісін «мүдде» ұғымы арқылы ашуға негізделген.

Автор мемлекеттік, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектілері бірдей - бағыттар бойынша қызмет мүдделері табылады деп есептеп, ҚК ұқсас екі тарауды «Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» деген бір тарауға енгізуді көрсетті.

Үшінші нәтиже дәйекті, ол халықаралық және отандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік базаның және тергеу мен сот практикасын ескеріп жасалған. Автор парақорлық қылмыстар бойынша оның затын ..мүліктік емес қызметтерді көрсету, мүліктік емес құқықтар мен өзге де құқыққа қайшы артықшылықтармен толықтыруды анықтады.

Төртінші нәтиже дәйекті, ол сот-тергеу практикасын кеңінен талдау барысында алынған. Автор лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану бойынша істерде лауазымды адам болып табылатын адамдардың, қылмыстық жауаптылыққа тартылған екінші лауазымды адамға беделінің әсері салдарынан іс-әрекет жасағандығын дәлелдеу қиындыққа соғады және олар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтындығын және квазимемлекеттік және жекеше секторға туыстарын, балаларын жоғары лауазымдарға орналастыратындығын анықтады. Бұл жағдайды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-1 «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын берді.

Бесінші нәтиже негізді, ол түсініктемелік аппараттағы кемшіліктердің орнын толтыруды қамтиды. Автормен «қызметтік өкілеттіктер» мен «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам» ұғымдарын толықтырған.

Алтыншы нәтиже дәйекті, себебі қылмыстық құқық ғылымында шешілмей жүрген, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы мәселесін шешуге арналған. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми пікірлері мен шетелдік заңнаманы сыни талдау барысында заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту және жаза түрлерін қолдану мәселесін шешу жолдарын берді.

Жетінші нәтиже дәйекті, ол статистикалық әдістер мен әлеуметтану әдістерін қолдану барысында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы

сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл шараларын анықтауға мүмкіндік берді.

5. Өзі жазу мен академиялық адалдық қағидасына сай болуы.

Ж.К. Каражанованың диссертациялық жұмысы жеке ғылыми зерттеу болып саналады, ол автордың қылмыстық құқық пен криминология ғылымына қосқан жеке үлесімен дәлелденеді. Автор теориялық материалдар мен сот және тергеу практикасын зерделеген, түпнұсқа ұғымдарды әзірлеген, зерттеу нәтижелерін сыннан өткізген.

Диссертация авторы сілтеме жасалған басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтаған. Пайдаланылған ғылыми пікірлер мен қорытындылар, тұжырымдар басқа авторларға және мәтінді пайдалану дереккөзіне сілтеме жасау жолымен жасалған, яғни диссертация жазу барысында академиялық адалдық қағидасына сай.

6. Зерттеу жұмысының ішкі бірлігін бағалау.

Диссертацияның мазмұны: кіріспесі, үш бөлімі, қорытындысы - зерттеудің алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталғаны көрініп тұр.

Зерттеудің құрылымы зерттеуге өзек болған мәселелерді ретімен, жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді, жұмыстағы талдаулар, ой-пікірлер мен тұжырымдар бірін-бірі толықтырады. Тұжырымдар мен ұсыныстар негізделген. Зерттеудің ғылыми жаңалығы күмән тудырмайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен қылмыстық заңнаманы әрі қарай жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірленген және негізделген.

Жұмыс көлемі мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі бойынша ескертулер жоқ.

7. Диссертацияның практикалық құндылық қағидасына сай болуы.

Диссертациялық зерттеу бойынша жасалған зерттеу нәтижелері мен қорытындылары қылмыстық заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Практикалық ұсыныстар құқық қорғау және сот органдарының тәжірибесінде, квазимемлекеттік және жекеше секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру барысында құқық қорғау органдарымен, кәсіпкерлік субъектілерімен тағы басқа ұйымдармен қолданылуға жатады.

Диссертация бойынша жасалған тұжырымдар мен нәтижелер ҚР Парламент Мәжілісіне, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Семей қалалық прокуратурасына акті түрінде енгізілді.

Сонымен қатар, Алтай мемлекеттік университеті мен Горно-Алтайск мемлекеттік университетінің заң факультеттерінің «Қылмыстық құқық», «Криминология» пәндері бойынша оқу үрдісіне актімен енгізілген.

8. Диссертанттың негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Ж.К. Каражанованың диссертациясы және ұсынылған ғылыми жарияланымдар саны «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығына сай екенін білдіреді.

Ж.К. Каражанованың диссертациялық зерттеудегі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары 10 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде 1 мақала «Scopus» компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті журналында, 5 мақала халықаралық ғылыми конференцияларда, 1 мақала Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі халықаралық журналында жарық көрді.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалғанымен, келесі аспектілерге оны орындау барысында көңіл бөлген жөн:

1. Диссертант халықаралық келісімдерді, отандық және шетелдік заңнаманы кеңінен талдағанымен, алыс шетелдік кейбір ой-пікірлерді талқыға салғанымен, алыс шетел ғылыми өкілдерінің зерттеулерін кеңірек пайдалану керек, ол жұмысты мазмұнды етер еді.

2. Заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы мәселесі әртүрлі отандық және шетелдік ғалымдармен кеңінен зерттелгенімен, шетелдік қылмыстық заңнама заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы мәселесін әртүрлі шешкендіктен, автормен ұсынылған Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар даулы болып келеді. Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспарының Мониторингінің 4-раундында 19-нұсқау халықаралық стандарттарға және озық тәжірибеге негізделген жасалған қылмысқа сай келетін санкцияларды көздейтін заңды тұлғалардың тиімді және әсер ететін қылмыстық жауаптылығын енгізу барысында бұл ұсыныс ғалымдар арасында ортақ ой-пікірдің жоқ болуына байланысты әлі де дауға түсетін сияқты.

Бұл ескертулер диссертацияның жалпы мазмұнына еш зиян тигізбейді деп есептейміз.

10. Диссертацияның «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына сәйкестігі.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен рәсімделуі «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығына және ғылыми мамандық төлқұжатына сай келеді.

Каражанова Жанат Кокеновнаның «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы барлық қойылған талаптарға сай жазылған деп санауға болады, оны орындау барысында техникалық өлшемдері сақталған, ғылыми теориялық және қажетті талаптарға сәйкес деңгейі жоғары орындалған, тақырыбы өзекті, ғылыми ұсыныстары мен тұжырымдары нақты көрсетілген.

Сонымен, Каражанова Жанат Кокеновнаның «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» атты диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми бағалануға, ал оның авторы 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент,
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Қазақстан Республикасының заңнама және
құқықтық ақпарат Институтының
қылмыстық, қылмыстық процесстік,
қылмыстық атқарушылық заңнама
бөлімінің бас ғылыми қызметкері,**

**Қазіргі заманғы құқық Институтының
бас ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының докторы, профессор**

Рахметов С.М.

« 18 » _____ 06 _____ 2020 ж.

